**Әнші-күйші, ақын, өнерпаз – Ағашаяқтың (Берікбол Қөпенұлы) туғанына 160 жыл (1861-1932).**

**Белгілі домбырашы, скрипкашы, сазгер, ақын, Абайдың үлкен ұлты - Ақылбай Абайұлы Құнанбаевтың туғанына 160 жыл (1861-1904).**

Ақын **Көкбай Жанатайұлының** тұғанына 160 жыл (1861-1925). «Семейге Абай келсе бізге думан», «Абайдай ұлы тұмағы болар ғайып», «Абайдан сабак алдым бала жастан» атты өлеңдері, «Сабалак», «Құлынды», «Қандыжап», «Арон Рашид қиссасы» дастандары белгілі.

Катонқарағай ауданы **Өрел ауылының** іргесі қаланғанына 150 жыл (1871).

Азамат соғысының қаһарманы - **Айғыз Көшімбайқызының** тұғанына 145 жыл (1876-1918).

Ақын, әнші, сазгер, Абайдың Ақылбайдан тұған немересі – **Әубәкір Ақылбайұлының** тұғанына 140 жыл (1881 – 1934).

Алтай Ботаникалық бағының негізін салған **Петр Александрович Ермаковтің** тұғанына 135 жыл (1886-1944).

Өскемен каласындағы **Жоғары қалалық** бастауыш училищесінің ашылғанына 135 жыл (1886), (казіргі ШҚ облыстың архитектура-этнографиялық және таби-ти-ландшафттық мұражай-корығының бас ғимараты.)

Ғалым, биолог **Жұмақан Кудериннің** тұғанына 130 жыл (1891-1938).

Ақын **Бүркітбайұлы Жұнісқанның** тұғанына 125 жыл (1896-1926). «Бай кеткен соң бәйбіше», «Сақып байға», «Құнанбай атаң болса Құдай емес», «Қамауда», «Қайран елім» өлеңдері бар.

Көрнекті мемлекет қайраткері, ғалым-экономист **Әзімбай Лекеровтің** туғанына **120 жыл** (1901-1938). 1938 жылы 26 ақпанда жазықсыз ату жазасына кесілген. 1957 жылы ақталды.

Қазақстанның еңбек сінірген әртісі, актер **Байкенов Райысханның** туғанына **115 жыл** (1906-1978).

Дәстүрлі сыбызығышы **Қожабергенов Оспанғалидың** туғанына **115 жыл** (1906-1966).

Шығыс Қазақстан аумағын зерттеуші, белгілі орыс ғалымы **Владимир Афанасьевич Обручевтің** туғанына **110 жыл** (1911).

Жауынгер-актер, әнші, Данқ орденінің иегері **Оразғали Тінәліұлы Жұмағұловтың** туғанына **110 жыл** (1911-1944).

**«Эхо» кинотеатрінің** пайдалануға берілгеніне **110 жыл** (1911).

Өскемен қаласының Құрметті азаматы, архитектор **Леонид Иванович Маковеевтің** туғанына **110 жыл** (1911-1998).

Суретші **Борис Иванович Французовтың** туғанына **110 жыл** (1911-1987).

Кенес Одағының Батыры **Василий Васильевич Бунтовскихтің** туғанына **100 жыл** (1921-1945). Майданда көрсеткен ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз, Ленин орденімен, медальдармен марапатталған.

Социалистік Еңбек Ері Семей қаласының тұмасы Ерғали Басқарбаевтың туғанына 100 жыл (1921-қайтыс болу күні анықталмаған).

Ақын-импровизатор Ақтан Нұрбаевтың туғанына 95 жыл (1926-1988).

Абай ауданында өткен Абыралы қөтерілісіне 90 жыл (1931).

Әдебиеттанушы, филология ғылымдарының докторы (1998), профессор (1990) Әдебиет Молдахановтың туғанына 85 жыл (1936).

Өскемен теміржол вокзалының ашылғанына 85 жыл (1936).

Өскемен қаласында Жамбыл атындағы драма театрының ашылғанына 85 жыл (1936).

Өскемен қаласында алғашқы радиохабар тарату қондырғысының іске қосылғанына 85 жыл (1936).

Ұлан ауданының Асубұлак кентінің негізі қаланғанына 75 жыл (1941).

*Атапып отілетін мерейтой иелеріне қысқаша  
анықтама және әдебиеттер тізімі*



**5 НАУРЫЗ**

**Әлихан  
Бекейханов  
туғанына 155 жыл  
(1866-1937)**

Халқымыздың тұңғыш саяси Алаш партиясының ұйымдастырушысы және ұлттық Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, ғұлама ғалым әдебиеттанушы, аудармашы әрі дарынды публицист Элихан Бекейханның туғанына 155 жыл.

Ол 1866 жылы 5 наурызда Семей облысы Қарқаралы уезі Тоқырауын болысының Қызыларай мекенінде (қазіргі Қарағанды облысы Ақтөгай ауданы) дүниеге келген. Элиханды әкесі тоғыз жасында Қарқаралыға апарып, жергілікті молданың қолына окуға береді. Кейін Қарқаралы қаласының үш жылдық училищесіне түсіп, оны да «өте жақсы» деген бағамен бітіріп шығады. Осыдан кейін он алты жасар Элихан Омбының техникалық училищесіне қабылданады. Ол мұнда жүріп күнделікті сабактарына қоса студенттердің саяси, әдеби, экономикалық және тағы басқа үйірмелердің жұмысына қызу араласып, студенттік толқуларға қатысады.

Әлиханның саяси көзқарасының пісіп, жетілуіне, кейін белгілі саяси, қоғам, мемлекет қайраткері әрі қазақ ұлт азаттық қозғалысының ұйымдастырушысы және көсемі ретінде танылуына, саяси күрескер ретінде шындалуына Омбыдағы қундері ерекше ықпал етеді.

Ә.Бекейханов Ресейдің көрнекті экономист, географ ғалымдарымен бірлесе отырып, «Россия біздің отанымызыңдың жалпы географиялық сипаттамасы» атты көп томдық еңбектің 1903 жылы шықкан қазақ өлкесіне арналған 18 томның тарауларын жазуға қатысып, қазақтың ой-өрісі мен дүние танымы, ежелгі мәдениеті мен тарихы сияқты қасиеттері анағұрлым озық тұрғанын аңғартады.

Абайды алғаш рет орыс оқырмандарына таныстырады, оның қазақ әдебиетіндегі алатын орнын бағамдайды. 1905 жылы Семей облысынан 1 Мемлекеттік Думаға депутат болып сайланып, Дума таратылар алдында ғана үлгереді.

Әлихан Бекейханов 1908-1917 жылдары қазақ қоғамының тыныс-тіршілігінен қол үзбей «Қазак» газетіне «Қыр баласы» деген атпен ел тіршілігінің өткір де түйткіл мәселелеріне ден қойған мақалалар жазады.

Ақпан төңкөрісінен соң, онтайлы саяси ахуалды қалт жібермей пайдаланып қазақ елдігінің дербестігі үшін белсене қымылдайды.

1917 жылдары шілде және желтоқсан айларында өткен жалпы қазақтық съездерді ұйымдастырып, онда «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметін құруға қол жеткізеді. Алашорда үкіметінің төрағалығына сайланады.

Азамат соғысы жылдары қазақ халқының ак пен қызылдың теке тіресінде тектен-текке қосақ арасына кетпеуіне күш салады. Осы бағытта жұмыстар жүргізіледі. Кенес орындары Әлихан Бекейхановқа тыныштық бермей, 20-жылдары екі рет тұтқындалап, онда амалсыз босатып, ақыр аяғында 1937 жылдың науқанында

қанды шенгелге алады. Қызыл репрессияның қанды қылышы аспанға көтеріліп, большевиктер жан-жағынан жау іздеген шақта, алғашқылардың бірі болып, Әлиханның «халық жауы» атануы анық еді. Ол 1937 жылы Мәскеуде ұсталып, 1938 жылдың мамыр айында 71 жасында атылды.

**Ешкімнің Әлиханға бар ма сөзі,  
Демейді қандай қазақ оны он көзі.  
Семей тұрсын, жеті облыс - бар қазақтан,  
Талассыз жеке-дара тұр ғой өзі, - деп С.Торайғыров  
айтқандай, Әлекен әрқашан да қазақ жүргегінде жеке дара  
тұлға болып қала бермек.**



#### **Ол туралы:**

Бекейханов Ә. [Мәтін]: [қысқаша өмірбаяны] // Жүз тұнғыш: жинақ / құраст. Б.Нұржекеұлы – Алматы, 2005. – Б. 11-18.

Бекейханов Ә. [Мәтін]: [қысқаша өмірбаяны] // Тұнғыштар / құраст. Ш. Күмісбаев – Алматы, 2007. – Б. 122-124.

Бекейханов Ә. // Бұқар жырау [Мәтін]: энциклопедия. - Астана: Фолиант, 2013. - 632 б.

Бекейханов Ә. // Қазақстан ғылымы [Мәтін]: энцикл. 1-т. А-К / ред. Б. Ә. Жақып. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2009. - 544 б.

Бекейханов Ә. // Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы [Мәтін]: 10 томдық. 6-т. Ұлттық тәлім-тәрбиелік ғылымдардың дамып, қалыптасу тарихынан (1920 -

2000 жылдар) / ред. Б. Егембердіқызы. - Алматы : Сөздік-Словарь, 2009. - 400 б.

Бекейханов Ә. // Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры [Мәтін] : / Р. Нұрғали. - Астана: Құлтегін, 2002. - 528 б.

Бекейханов Ә. // Тілешов Е. Алаш қозғалысы [Мәтін] : энциклопедиялық анықтамалық / Е. Тілешов, Д. Қамзабекұлы. - Алматы : Сардар, 2014. - 528 б.

### **Шығармалары:**

Бекейханов Ә. Таңдамалы [Мәтін]: 2 кітап/ Ә. Бекейханов. - Алматы: Өлке, 2003. - 244 б.

Бекейхан, Ә. Шығармалар [Мәтін] / Ә. Н. Бекейхан; құраст. М. Қойгелдиев; ред. М. Әкімжанов. - Алматы: Қазақстан, 1994. - 384 б.



## **24 СӘУІР**

**Қабдеш Жұмаділов  
туғанына 85 жыл  
(1936)**

Қарасөздің қарагері, жазушы, Қытайдан Қазақстанға өткен алғашқы ұлы көштің дарабозы Қабдеш Жұмаділов

1936 жылы 24 сәуірде Шыңжаң өлкесінің Тарбағатай аймағы, Малдыбай ауылында дүниеге келген. Өз әкесі Сібетіде салдырган бастауыш мектептен білім алып, кейін жеті жылдық Шәуешек қазақ гимназиясын бітіреді. 1954 жылы Қабдеш Жұмаділовтің Үрімшіде шығатын «Шыңжаң газетінде» алғашқы өлеңі жарық көрді. 1956 жылы Қытай үкіметінің жолдамасымен Алматыға келіп, Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне окуға түсті. Алайда университеттің II-курсынан кейін екі ел арасындағы саяси жағдайға байланысты кері шақырылып, сол кездегі Қытайдағы саяси науқандарға байланысты жазушыға «ұлтшыл» деп айып тағады. Жұмаділов осылайша жастайынан саяси құғын-сүргінге ұшырайды. Бірақ 1962 жылы Шыңжаңнан ауған қазақ жастарымен бірге Қазақстанға оралады.

Қабдеш Жұмаділов 1962 жылғы Қытай қазактары көшін дайындаған, әрі соның бүйдасын ұстап келген адамның бірі. 200 мың қазақ бес заставаны бұзып өтіп, 20 күн бойына Отанына қарай ағылған. Атты көш, түйелі көш, жаяу-жалпылы көш. Бұл үшін Жұмаділовті Қытай бүлікші деп айыптаїды, ал Қазақ елі үшін ол кісі Дарабоз, жас талант Қазақ Мемлекеттік университетіндегі оқуын қайта жалғастырып, оны 1965 жылы тәмамдайды. Еңбек жолы 1965 - 1967 жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінде басталады. Одан соң 1967- 1976 жылдары «Жазушы» баспасында, кейін 1976 1981 жылдарар аралығында Қазақстанның «Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері» жөніндегі мемлекет комитетінде қызметте болады.

Ал, 1981 жылдан бастап жеке шығармашылық жұмыстарымен айналыса бастайды. Оның алғашқы өлеңдері 1954 жылдан бастап жергілікті баспасөз бетінде жарық көрген. «Жамал» атты тырнақалды әңгімесі 1956 жылы Үрімжідегі «Шұғыла» журналында жарияланды. Содан бері Жұмаділовтың шығаршылығы тарихи роман,

повесть, әңгімелермен толығып, қазақ әдебиетінің мұрасын байытып келеді. Атап айтқанда, оның «Жас дәурен» атты өлеңдер жинағы, «Қаздар қайтып барады», «Сары жайлау», «Шарайна», «Сәйгүліктер» атты әңгіме, повесть жинақтары. Романдарының дені тарихи тақырыпқа арналған. Оның екі кітаптан тұратын "Соңғы көш" (1974–1981), "Атамекен" (1985), "Тағдыр" (1988) романдары Шыңжаң қазақтарының өмірінен жазылған. "Соңғы көш" дилогиясына 1983 жылы М.Әуезов атындағы Мемлекеттік сыйлық берілді. Қос томды "Дарабоз" (1996) романы тарихи тақырыпқа, "Саржайлау", "Сәйгүліктер", "Бір қаланың тұрғындары", "Бір тұп тораңғы" атты шығармалары бүгінгі заман тақырыбына арналса, "Қылқөпір" романы (2003) мен соңғы жылдары жазылған бір топ әңгімелерінде тәуелсіздіктен кейінгі өтпелі дәуір шындығы көрініс тапқан. Жазушы "Таңғажайып дүние" атты ғұмырнамалық романында (1999) өзі өмір сүрген орта мен замандастары жайында сыр шертеді.

"Көкейкесті", "Соңғы көш", "Атамекен", "Дарабоз" романдары мен хикаяттар топтамасы орыс тіліне аударылып басылған. Жекелеген әңгіме, хикаяттары қырғыз, өзбек, ұйғыр, украин, белорус, грузин тілдерінде, "Соңғы көш" романы түрік тілінде жарық көрді.

1998-жылдың 23-ші қазанында Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың жарлығымен Қабдеш Жұмаділовке «Қазақстанның халық жазушысы» құрметті атағы берілді.



## Шығармалары:

Жұмаділов, Қабдеш. Академиктің көз жасы [Мәтін]: хикаяттар, әңгімелер, сыр-сұхбат, ой-толғамдар / К. Жұмаділов. - Алматы : Мерей, 2015. - 416 б.

Жұмаділов, Қабдеш. Ақкуды атпас болар [Мәтін]: хикаяттар, әңгімелер, сыр-сұхбат, ой-толғамдар / К. Жұмаділов. - Алматы: Дәстүр, 2015. - 388 б.

Жұмаділов, Қабдеш. Бір ғана ғұмыр [Мәтін]: әңгімелер / К. Жұмаділов; ред. Ә. Пірманов. - Алматы: Атамұра, 2004. - 352 б.

Жұмаділов, Қабдеш. Дарабоз [Мәтін]: тарихи роман-дилогия. 1-кітап / К. Жұмаділов; ред. Т. Ахметжан. - Алматы: Аң Арыс, 2009. - 416 б.

Жұмаділов, Қабдеш. Дарабоз [Текст]: тарихи роман-дилогия. 2-кітап / К. Жұмаділов; ред. Т. Ахметжан. - Алматы: Аң Арыс, 2009. - 416 б.

Жұмаділов, Қабдеш. Қалың елім, қазағым... [Текст]: пікірлер, ойлар, толғаныстар / К. Жұмаділов; ред. Р. Раҳымбеков . - Алматы : Қазақстан , 2003. - 368 б.

Жұмаділов, Қабдеш. Қылқөпір [Мәтін]: роман, хикаят, әңгімелер / К. Жұмаділов. - Алматы: Мерей, 2016. - 504 б.

Жұмаділов, Қабдеш. Прометей алауы [Мәтін] роман және әңгімелер / К. Жұмаділов; ред. А. Алтай. - Алматы: Атамұра, 2002. - 352 б.

Жұмаділов, Қабдеш. Соңғы көш [Мәтін]: тарихи роман-дилогия. 1-кітап / Қ. Жұмаділов. - Алматы: Мерей, 2018. - 486 б.

Жұмаділов, Қабдеш. Соңғы көш [Мәтін]: тарихи роман-дилогия. 2-кітап / Қ. Жұмаділов. - Алматы: Мерей, 2018. - 536 б.

Жұмаділов, Қабдеш. Таңгажайып дүние [Мәтін]: ғұмырнамалық роман /К.К. Жұмаділов; ред. Т. Құмарұлы. - Алматы: Тамыр, 1999. - 624 б.

Жұмаділов, Қабдеш. Тозақ оты [Мәтін]: хикаяттар, әңгімелер, сыр-сұхбат, ой-толғамдар / Қ. Жұмаділов ; ред. С. Ерназаров. - Алматы: Қазығұрт, 2010. - 424 б.

Жұмаділов, Қабдеш. Шығармалары [Мәтін]. 1-т. Тағдыр: роман. 1-кітап / Қ. Жұмаділов; ред. А. Бүркітбаева; ШКО әкімдігі. - Астана: Фолиант, 2011. - 344 б.

Жұмаділов, Қабдеш. Шығармалары [Мәтін]. 2-т. Тағдыр: роман. 2-кітап / Қ.Жұмаділов. - Астана: Фолиант, 2013. - 328 б.

Күмісбайұлы, Шәкен. Қаракерей Қабанбай [Мәтін]: тарих, тұлға, уақыт. / Ш. Күмісбайұлы; ред. Қ. Байғабылова; суретші Т. Асықов; кеңесші Қ. Жұмаділов; ҚР Білім және ғылым м-ті. - Алматы: Аруна Ltd, 2006. - 92 б.

### **Ол туралы:**

Жұмаділов, Қабдеш //Елеуkenov, Шериаздан. Әдебиет және ұлт тағдыры [Мәтін] / Ш. Елеуkenov; ред. О. Аскар. - Алматы: Жалын, 1997. - 368 б.

Жұмаділов, Қабдеш //Шығыс жүлдзыздары [Мәтін]: энциклопедиялық аныктаамалық. 1-т. Сөз зергерлері. Мәдениет майталмандары /құраст. Ұ. Есдәulet, Қ. Құрмансеит, Д. Кәпұлы; ред. Қ. Құрмансеит. – Астана: Фолиант, 2011. - 304 б.

Жұмаділов, Қабдеш //Картаева, Айжан Маратбекқызы. Әдеби өлкетану [Мәтін]: Шығыс Қазақстанның қаламгерлері шығармашылығы бойынша: оку күралы / А. М. Картаева. - Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ "Берел" баспасы, 2016. - 166 б.

Жұмаділов, Қабдеш //Бұқар жырау [Мәтін]: энциклопедия. - Астана: Фолиант, 2013. - 632 б.

Жұмаділов, Қабдеш //Тарази, Әкім. Көркемдік күпіясы [Мәтін]: окулық-хрестоматия / Ә. Тарази, Л. Мұсалы; ред. С. Әбдірайымұлы; ҚР Мәдениет және акпарат және қоғамдық келісім м-ті. - Алматы: Санат, 2000. - 240 б.

**4 ТАМЫЗ**



**Марқакөл  
мемлекеттік  
табиғи қорығы  
құрылғанына 45 жыл  
(1976)**

Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығы 1976 жылы 4 тамызда Шығыс Қазақстан облысының Күршім ауданы территориясында бірегей Марқакөл көлі мен оны қоршаған ландшафтың қорғау мақсатында құрылды. Қорықтың қазіргі көлемі 75048 га, оның едәуір бөлігін (46045 га) Марқакөл көлі су айдыны алғып жатыр. Құрғақ жері екі бөлімге: онтүстік шығыс жағалауы мен Азутау жотасының солтүстік баурайы, Тополевка өзені анғары мен Күршім жотасының су айрығы бөлігі бөлінген. Қорық көлемі 2221 га қорғалатын аймақпен қоршалған. Демалу шараларын іске асыру үшін көл айдынының шығыс бөлігінен көлемі 1500 га аймақ спорттық және әуесқой балық аулауына бөлінген. Қорықтың орталық бөлігінің географиялық координаты -  $49^{\circ}16'$  солтүстік ендік және  $86^{\circ}37'$  шығыс бойлық. Орталық үй-жайы Урунхайка елді мекенінде орналасқан.

Қорық жері Онтүстік Алтай тауында орналасқан, ол онтүстік Сібірдің таулы - тайгалы ландшафттысының онтүстік батыс шеті болып табылады. Физикалық-географиялық аудандастыруға сәйкес Алтай таулы облысының Онтүстік Алтай провинциясына жатады.

Марқакөл Алтайдың ең ірі су қоймасы, ол теңіз деңгейінен 1500 метр биіктікте әдемі тауаралық шұнқырда орналасқан. Көл сопақша созылған пішінді және солтүстік шығыстан онтүстік батысқа карай созылып жатыр. Оның ұзындығы 38 шақырым, енінің ең кең жері 19 шақырым, жаға сызығының ұзындығы 106 шақырым, терендігі 24 – 27 м (орташа 14,3 м). көл шұнқыры коршаған жоталардан: Құршім – солтүстік пен батыстан, Азатау – онтүстік пен шығыстан, Соргенковский – солтүстік-шығыстан пайда болған. Жоталардың теңіз деңгейінен биіктігі 2000-3000 м. Ең биік жер – Аксу – Бас (3304,5 м).

Марқакөл көліне су 95 әр түрлі су көзінен келіп құяды. Едәуір ірі өзендер – Тополевка, Төменті Еловка, Матабай, Жиренька Шалғай және Жоғары Еловка, Тихушка, Матабайка мен Тығыз кілт. Бұлар кәдімгі тау өзендері, салыстырмалы жінішке тасы арналы, ені 2-5 м, терендігі 2-3 м және өз сағасында атырауға ұксас киякелең – қырықбуынды салдар түзеді. Қара ертіске құйылатын, тек бір ғана өзен – Қалжыр (ұзындығы 128 шақырым) Марқакөлден басталады.

Ауа райы қатаң континентальды, қысы қары көп әрі қатаң және жазы коныржай, әрі ылғалды. Марқакөл ауданы Қазақстан мен Алтайдың ең салқын жері. Тәуліктік орташа температура 0°-тан жоғары 162 күнге, 0°-тан төмен 203 күнге созылады. Аязсыз кезең ұзактығы – 60-70 тәулік. Жазда температура +29°-ка дейін көтеріледі. Қыста қатты аяздар болып, температура - 45°-ка төмендейді, кейде тіпті - 53° болады. Желтоқсан, акпанда бірнеше апта бойы температура – 35-40°-тан түспей тұрып алады.

Марқакөл өлкесі ежелден дәрілік өсімдіктердің алуан түрлілігімен аты шыққан. «Қызыл тамыр» - шайтиынтағы, «марал тамыры» - мақсыр маралтамыры, аты

анызға айналған «алтын тамыр» - қызылт семізот және т.б. емдік өсімдіктері көпке танымал. Таудың орманды баурайлары жиадекті бұталарға: қызыл қарақат – атақты «саумалдық», кара қарақат, танқурай, «берікарақаттар» - алтай үшқаты, алтай рауташы бай. Бұлардан жергілікті халық ғажайып әсерімен аты шығқан керемет тосаптар дайындаиды. Басқа да тамақтық өсімдіктерден алтай жуасы кеңінен пайдаланылады.

Корыктың жануарлар әлемі алуан түрлі. Омыртқасыздардан көл мекендеушілер құрамы жақсы зерттелген. Зоопланктонның 60 түрі, макрозообентостың 136 түрі, тұщы су моллюскаларының 11 түрі белгілі.

Омыртқалы жануарлардың казіргі фаунасы негізінен тайгалы бірлестікке жатады, онда 325 түр бар.

Көлдерде балықтың 6 түрі – майқап, сібір хариусы, көлталма, теңгебалық, талма балық бар.

Марқакөл корығы құрылғаннан бергі 35 жылда бірегей табиғат бірлестігін зерттеу мен қорғау жөнінде елеулі жұмыстар атқарылды. Осы уақыт аралығында қорық қызметкерлері омыртқалы жануарлар фаунасы есебін алды, жоғарғы өзекті өсімдіктер есебі аяқталуға жақын, көл гидробиологиясы едәуір жақсы зерттелді. 140-тан астам ғылыми енбектер жарық көрді, оның ішінде бір монография бар. Зерттеу материалдарынан екі кандидаттық жұмыс қорғалды. Көлжылдық қорғау шаралары нәтижесінде марқакөл майқабы мен хариусы, марал, бұлан, кара дегелек, балықшы тұйғын, аққүйрық су бүркіті мен басқа жануарлар популяциялары қалпына келді. Шаруашылық пайдаланатын аймақта өсетін үшжапырақ субеде, жапырақсыз орашық, жатаған ақүрпек пен балтық сүйсіні түрлеріне карағанда, корық жеріндегі сирек кездесетін және құрып кету қаупі бар өсімдік түрлері жағдайы енді қауіп тудырмайды. 2005 жылды қорық шекарасын кеңейту жөніндегі көптен күткен

жоба жұмысы жүргізілді, оған Тихушка мен Қалжыр өзендері аңғары арасындағы Күршім жотасына жақын баурайы мен Марқакөлдің солтүстік және батыс жағалауы кірді. Жан аяマイ қорғау нәтижесінде корық ормандары ерт пен кесуден сақталды, шалғындар өзінің көп гүлдері және ашық бояуларымен көз тартады, ал Марқакөл біздің жеріміздегі ең таза және ең әдемі көлдердің бірі болып табылады.



### Әдебиеттер:

Марқакөл қорығы // Анаш, Думан. Алтайдан Алакөлге дейін [Мәтін]: мақалалар / Д. Анаш. - Алматы : ARNA-B, 2017. - 328 б.

Архабаев Ж.. Марқакөл қорығы – табиғи байлығымыз. [Мәтін] /Ж. Архабаев // Егемен Қазакстан. – 2010. – 22 маусым. - Б.6.

Аскarov, Әлібек. Марқакөл - Шанағаты немесе Қазақстанның ең суық нұктесіне сапар [Мәтін] / Ә. Аскarov. - Астана : Фолиант, 2017. - 80 б.

Марқакөл қорығы // Байғабылова, А. Қазакстан қорықтары [Мәтін] / А. Байғабылова ; ред. А. Жақыпова ; ҚР Білім және ғылым м-гі. - Алматы : Аруна, 2003. - 11 б.

Марқакөл қорығы // Қазақстан қорықтары [Мәтін]. 2-т. Марқакөл. Жер жәннаты - Жетісу / ред. С. Бөпетаева. - Алматы: Санат, 2007. - Б. 42 – 46.

Марқакөл қорығы [Мәтін] // Қазақстан қорықтары. – Алматы, 2007. – Б. 42 – 46.

Марқакөл қорығы [Мәтін] // Қазақстанның қорықтары мен ұлттық бақтары / құраст. А.А. Иващенко. – Алматы, 2006. – Б. 139-149.

Михайлов, Валерий Федорович. Марқакөл = Маркаль = Markakoll [Текст] / В. Ф. Михайлов; ред. К. М. Ситова; худ. Б. Р. Жапаров; фотограф В. Т. Якушкин рец. П. И. Мариковский, К. Г. Утеулин. - Алма-Ата: Кайнар, 1983. - 168 с.



## 7 ҚАЗАН

**Досқан Қалиұлы  
Жолжақсынов  
туғанына 65 жыл  
(1951).**

Досхан Жолжақсынов 1951 жылы 7 қазанда Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданы, Балықшы ауылында дүниеге келді. Ол кино және театр актері, кинорежиссер. Актер 1973 жылы Алматы мемлекеттік өнер институтын (қазіргі Қазақ ұлттық консерваториясы) бітірген. Оқып жүріп, 1971 жылдан Қазақ жастар мен балалар театрының

актері болып қызмет атқарған. Кейін 1995-2001 жылдары осы театрдың директоры әрі көркемдік жетекшісі болды.

Жолжаксынов театр мен кинода 200-ден астам бейнелерді сомдады. театрда ойнаған алғашкы рөлі – Х.Вахитовтың «Алтын көрсө періште жолдан таяды» спектакліндегі Қылышбек (1972). Бұдан кейін орындаған рөлдері қатарында Ж.Тәшенов пен И. М. Саввиннің «Қаладан келген қылжақбасында» - Сыматбек, Р. Сейсенбаев пен Е. Обаевтың «Өзімді іздел жүрмінінде»- Сырым, Ә. Тарази мен Қ. Ыскаковтың «Апа, апатайында» - Қазақбай, Ф. Мұсіреповтің «Қазак солдаты» мен «Акан сері – Ақтоқтысында» - Сәмет, Ақан, А. Н. Островскийдің «Адам аласы ішіндесінде» - Глумов, Ә. Таразидің “Қандетінде” - Әзберген, Қазақстанның Мемлекет сыйлығын, 1996; Түркі тілдес халықтар театрлары байкауының бас жүлдесі, казан, 1998, т.б. бар. Жолжаксыновтың актерлік өнеріне сезім терендігі, сахналық әрекет шынайылығы тән. Актер халық әндері мен қазіргі композиторлар әндерін шебер орындаушы ретінде де танымал. Жолжақсынов - ұлттық кино өнерінің дамуына елеулі үлес қосқан актерлердің бірі. Эскербек («Гаһартаста», 1976), Хамит («Даладағы құғында», 1979), Мұрат («Алтын күзде», 1979), Мұндызбай (Ақ барыстың ұрпағында», 1984, соңғы екеуі «Қырғызфильмде»), Дәуір («Омпада», 1997), т.б. рөлдері арқылы Жолжаксынов дарынды киноактер ретінде кеңінен танымал болды.

Кейінгі жылдары ол ұлттық кино саласында тер төгіп, «Біржан сал», «Құнанбай» сынды фильмдер түсірді. Бұл фильмдер калың қөрермен тараптынан жылы қабылданды.

Мараттараты: Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты, 1987 жылы Қазақ КСР Еңбек сінірген әртісі, 1995 жылы Қазақстанның халық әртісі 1996 жылы Қырғызстанның еңбек сінірген әртісі

1996 жылы Қазакстанның Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, 2001 жылы Құрмет орденімен марапатталған. 2016 жылы Елбасының колынан Қазакстанның мемлекеттік сыйлығын алды.



### **Ол туралы:**

Досхан Жолжақсынов // Шығыс жұлдыздары [Мәтін]: энциклопедиялық анықтамалық. 1-т. Сөз зергерлері. Мәдениет майталмандары / құраст.: Ұ. Есдөulet, Қ. Құрмансейіт, Д. Кәпұлы ; ред. Қ. Құрмансейіт. - Астана: Фолиант, 2011. -304 б.

Досхан Жолжақсынов // Қазақ телевизиясы [Мәтін]: энциклопедия. 2-т / ҚР Байланыс және акпарат м-гі; ред. Қ. Тұрсын. - Алматы: Digital Media Asia, 2011. - 640 б.

Досхан Жолжаксынов //Сығай, Әшіrbек. Актер әлемі [Мәтін]. 1-том / Ә. Сығай; ред. Т. Ахметжан. - Алматы: Аң Арыс, 2008. - 272 б.

## Атапып өтілетін есімдердің алфавиттік көрсеткіштері

Абдуллин М. М.	9
Абдуллин Р. М.	9
Абылқасымов А.	21
Аввакумов В	20
Айқымбаев М. А.	27
Ақылбайұлы Ә	30
Алексеев Н.Е	23
Алексеенко Н.В	16
Алшынбаев Т	12
Анисимов С. М.	15
Анов Н. И.	27
Асқаров Ә. А.	7
Ахметжан Т.	25
Ахметжанов А	5
Әбдірахманов Т.	23
Әбенов Ш.	6
Әбішев О.	13
Әкбаров Ә. А.	5
Әнет баба	28
Әскербеккызы Ж.	4
Әубәкіртегі Қ	17
Әуезбаева Р.Б	25
Әүкебаев Е.	26
Байғожинов К.А	10
Байдалина Р.О	6
Байкенов Р	31
Басқарбаев Е	32
Бекейханов Ә	8, 33
Бунтовских В.А	31
Бұркітбайұлы Ж	30
Васильченко А.А	10

Волков А. М.	15
Герасимов С.Н	11
Головченко В.И	4
Гуляев С.К	22
Ғафуров Қ	22
Даниленко И.И	11
Егоров А. И.	10
Ермаков П. А.	30
Ефремов Д.И	16
Ешекеев М.С	15
Жанатайұлы К.	30
Жолжаксынов Д.К	21, 46
Журба П. П.	9
Жұмағұлов О.Т	31
Жұмаділов Қ.	11,36
Жұртбай Т.Қ	18
Жұнісов А.	17
Зұфар С	14
Игібаев С.Қ	23
Ильматов Р.Х	8
Имаханов Б	24
Исақанова Ғ	8
Исса С.	18
Іісова Т	21
Қәкенов А	17
Кеңесбаев Т.	19
Крахмаль А. С.	9
Кудерин Ж	30
Қабанбай батыр	28
Қабулов М.С	4
Қабылбаев М	14
Қайроллин Д	17
Қайыртайұлы Р	7
Қалматаев М.Д	19

Карамендин Θ	13
Кожабергенов О	31
Құжыманов Т	25
Құнанбаев А. А.	29
Көпенұлы Б. (Ағашаяқ)	29
Көшімбайқызы А	30
Куантайұлы Н.	7
Лекеров Ә.	31
Макаров F.E	9
Макеев И.Г	20
Маковеев Л.И	31
Максұтұлы М	4
Масанов Е.А	24
Машақов С.К	24
Машанов А.Ж	23
Михаэлис Е. П.	20
Молдаханов Ә	32
Мұхамедханов Қ	5
Немцев М. С.	14
Нестеров А.В	15
Нұрбаев А	32
Обручев В. А.	31
Оразалин С. Ш.	12
Өтепбергенов М	18
Пермитин Е. Н.	5
Пивоваров П.С	19
Польгин Ф.	22
Потанин В. П.	6
Рахимов Т	22
Сағымбаева Б	9
Садыкова Ү	19
Сапаев F.	21
Сапожников В. В.	25
Сәрсекеев М.С	4

Сегізбаев К.	12
Седельников А. Н.	19
Сейсенбаев Р.Ш	19
Семенов П.Т	16
Серікбаев Д.М	24
Сухорукова В.Н	18
Табеев К.	13
Тәнірбергенұлы Ә.	29
Токтамысова С.С	10
Тұрғанбаев Е.С	10
Тұрысбеков С.К	9
Ұзақбаева К.Ә	26
Фонов Н	22
Французов Б. И.	31
Халиди Қ	29
Черепанов С.П	7
Шишов П. Б.	22
Шақантай батыр	28
Шаяхметов Б.М	24
Шынқожа батыр	28
Ысқаков Қ	16
Ілиясова М	13
Юсуп К.С	16
Ярков В.Г	6
Яроцких И. М.	15

## **Мазмұны**

Күрастырушыдан.....	3
2016 жылы атальп өтілетін және еске алынатын күндердің тізбегі.....	4
Айы мен күні белгісіз тарихи оқиға- лар.....	28
Атальп өтілетін мерейтой иелеріне қысқаша аныктама және әдебиеттер тізімі.....	33
Атальп өтілетін есімдердің алфавиттік көрсеткіші.....	49

**Құрастырған және  
компьютерде өндеген:**

**А.А.ҚАСЕНТАЕВА**  
акпараттық-библиографиялық  
орталықтың библиографы

**Жауапты:**

**Г. Б. МУКАШЕВА**  
кітапхана директоры

**Тексергендер:**

**К М. КЕНЖЕБЕКОВА**  
кітапхана директорының  
орынбасары

**Ж. Б. БУХАНОВА**  
акпараттық-библиографиялық  
орталықтың жөнін дәрежелі  
библиографы